

Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабының 7) тармақшасын ресми түсіндіру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2006 жылғы 18 мамырдағы N 2 Қаулысы.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, Төраға И.И.Рогов, Кеңес мүшелері Х.Ә.Әбішев, Қ.Ж.Балтабаев, Н.В.Белоруков, С.Ф.Бычкова, А.М.Нұрмағамбетов, Ү.М.Стамқұлов қатысқан құрамда, мыналардың:

өтініш субъектісінің өкілі - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Р.Т.Шырдабаевтың, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Н.Ш.Жолдасбаева мен О.Сәпиевтің,

Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері - Қазақстан Республикасы сыртқы істер министрінің орынбасары Р.С.Жошыбаевтың, Қазақстан Республикасының әділет вице-министрі С.П.Нұғымановтың, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары А.Қ.Дауылбаевтың,

Сыртқы істер министрлігінің өкілі - халықаралық-құқық департаментінің директоры З.А.Аманжолованың қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Парламентінің бір топ депутаттарының Конституцияның 54-бабының 7) тармақшасын ресми түсіндіру туралы өтінішін қарады.

Конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі Ү.М.Стамқұловтың хабарлауын, өтініш субъектісі өкілінің және отырысқа қатысушылардың сөздерін, сондай-ақ сарапшы - заң ғылымдарының докторы, профессор М.А.Сәрсембаевтың қорытындысын, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің халықаралық және конституциялық құқық кафедрасының меңгерушісі заң ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.О.Құлжабаеваның пікірін тыңдап, **Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі** мынаны **анықтады:**

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесіне 2006 жылғы 26 сәуірде Қазақстан Республикасы Парламентінің бір топ депутаттарының Конституцияның 54-бабының 7) тармақшасын ресми түсіндіру туралы өтініші келіп түсті.

Өтініш субъектісі мынадай сұрақтарға жауап қайтаруды сұрайды:

"1. Халықаралық шартты ратификациялау туралы заң мен ратификациялауға жататын халықаралық шартқа қосылу туралы заңның арасында айырмашылық бар ма?

2. Сол кезде қолданыста болған заңнамаға сәйкес ратификациялауға жатқызылмаған, бірақ заңнаманы өзгертудің салдарынан соған қайшы келген Қазақстан

Республикасының күшіне енген халықаралық шарты ол өзгертілгенге дейін немесе оның қолданысы тоқтатылғанға дейін толық көлемде орындалуға тиіс пе?"

Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабының 7) тармақшасын ресми түсіндірген кезде Конституциялық Кеңес мынаны негізге алды.

1. Конституцияның 54-бабы 7) тармақшасының мазмұнына түсіндірме Конституциялық Кеңестің 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N 16-17/3 қаулысында берілген.

Халықаралық құқық нормаларын талдау көрсеткеніндей, халықаралық шартты ратификациялау да, оған қосылу секілді, халықаралық шарттың өзі үшін міндетті екендігіне мемлекеттің келісім беру тәсілдерінің бірі болып табылатынын және ол дәл осындай атауы бар халықаралық акт түрінде ресімделетінін атап өткен жөн (1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена Конвенциясының 2-бабы 1-тармағының "b" тармақшасы (бұдан әрі - Вена Конвенциясы)).

Халықаралық шартты ратификациялау - оны мемлекеттің уәкілеттік берілген органының түпкілікті түрде бекітуі. Ол мынадай екі акт арқылы іске асырылады: халықаралық (ратификациялау грамотасында) және ішкі мемлекеттік (әдетте - заңда).

Конституцияның 54-бабына сәйкес ратификациялау, Палаталардың бөлек отырысында тиісті мәселелерді әуелі Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы жүзеге асырылатын Республика Парламентінің өкілеттігі болып табылады.

Ескерту. Қаулының дәлелдеу бөлігінің 1-тармағына өзгерту енгізілді – ҚР Конституциялық Кеңесінің 2008.09.24 N 7 Нормативтік қаулысымен.

2. Вена Конвенциясының нормалары халықаралық шартты ратификациялау мен халықаралық шартқа қосылудың арасында құқықтық салдары жағынан айырмашылық белгілемейді (11, 14 және 15-баптар). Біріккен Ұлттар Ұйымының Құқықтық мәселелер жөніндегі басқармасының Келісім-шарт секциясының түсіндірмесіне сай, "қосылу да, ратификациялау секілді сол бір құқықтық салдарға әкеп соқтырады".

Халықаралық құқық пен Республиканың ұлттық заңнамасының нормаларынан келіп шығатыны, халықаралық-құқық аспектісінде қосылу, егер Парламент оны заң қабылдау арқылы іске асырған болса, онда ратификациялау секілді сол бір құқықтық салдарға әкеп соқтырады.

Қазақстан Республикасында халықаралық шартты ратификациялау туралы заңдар мен ратификациялауға жататын халықаралық шартқа қосылу туралы заңдар қабылдаудың бірдей рәсімінен өтеді. Сондықтан олар өзінің заңдық күші мен құқықтық салдары жағынан тең.

Осыған орай Конституциялық Кеңес, Республика үшін міндеттілігі халықаралық шарттарды ратификациялау туралы заңдармен немесе халықаралық шарттарға қосылу туралы заңдармен белгіленген халықаралық шарттарды ратификацияланған деп есептеу керек деп пайымдайды. Сонымен бірге, ратификация және қосылу толығымен

барабар ұғым болып табылмайды, сондықтан, Конституцияның 54-бабы 7) тармақшасының мазмұнынан келіп шығатынындай, Қазақстан Республикасының ратификациялауға жататын халықаралық шарттарға қосылатындығы туралы шешімдерді халықаралық шарттарға қосылу және оларды ратификациялау туралы заң қабылдау арқылы ресімдеген тиімдірек болады.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағына сай Конституция нормаларына сәйкес келетін Республиканың халықаралық шарттары мен өзге де міндеттемелері Республиканың қолданылатын құқығының құрамдас бөлігі болып табылады.

Бұл ретте Қазақстан, Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады деп Конституцияның 4-бабының 3-тармағында белгілей отырып, ратификацияланған халықаралық шарттарға айрықша мән береді.

Вена Конвенциясының 26-бабымен белгіленген "pacta sunt servanda" принципіне сай қолданыстағы әрбір шарт оның тараптары үшін міндетті және адал орындалуға тиіс. Бұл принцип сондай-ақ, БҰҰ-ның Жарғысына сәйкес мемлекеттердің алған міндеттемелерін адал орындау принципі ретінде, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына сәйкес Мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынастар мен ынтымақтастыққа қатысты халықаралық құқық принциптері туралы 1970 жылғы 24 қазандағы декларацияда да бекітілген.

Сонымен бірге, Конституциялық Кеңес 2000 жылғы 11 қазандағы N 18/2 қаулыда көрсеткеніндей, Вена Конвенциясы "шарттың орындалу тәртібін айқындамайды. Бұл мемлекеттердің конституциялық және заң шығарушылық төтенше құзырына жатады және халықаралық құқықтың жаппай танылған принципі - мемлекеттердің егемендік теңдігінен келіп шығады".

Осыны негізге ала отырып, Конституциялық Кеңес, Қазақстан Республикасының халықаралық шарты немесе оның жекелеген ережелері белгіленген тәртіппен, Негізгі Заңның 4-бабының 2-тармағына сай Республиканың аумағында ең жоғары заңдық күші бар Республика Конституциясына қайшы деп танылған жағдайда, мұндай шарт толығымен немесе Конституцияға сәйкес емес деп танылған бөлігінде орындауға жатпайды деп пайымдайды.

Конституциялық Кеңестің 2000 жылғы 11 қазандағы N 18/2 қаулысына сай Қазақстан Республикасының ратификацияланбаған шарттарының Республика заңдарынан басымдығы болмайды және "олар Республика заңдарына қайшы келмейтіндей шамада орындалуға тиіс. Араларында қайшылық болған жағдайда, шарттасу тараптары Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою туралы" заң күші бар Жарлығына, сондай-ақ халықаралық құқық нормаларына сәйкес, келісу рәсімдері арқылы оларды шеше алады".

Сонымен бір мезгілде бұл қаулыда сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституция қабылданғанға дейін жасалған, ратификациялауға жатпайтын бірқатар халықаралық шарттарының, егер осы халықаралық шарттар үшін мұндай басымдық Республиканың тиісті құқықтық қатынастар саласын реттейтін заңдарында тікелей көзделген болса, Республика заңдарынан басымдығы сақталады деп атап көрсетілген.

Конституцияның 3-бабының 3-тармағына сәйкес халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президентінің, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде Парламенттің құқығы бар. Аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттеу Конституцияның 61-бабының 3-тармағына сәйкес Парламент қабылдайтын заңдар арқылы іске асырылады.

Республика Парламентінің заңдар қабылдау жөніндегі өкілеттігі болса мемлекет егемендігін жүзеге асыру нысаны болып табылады. Бұдан келіп шығатыны, ратификацияланған халықаралық шарттардың Республика заңдарынан Конституциямен белгіленген басымдығын заң шығарушы Қазақстан Республикасының өзге де халықаралық шарттарына таратуы мүмкін. Бұл қалыптасып болған заң шығарушылық практикасымен дәлелденеді (1994 жылғы 27 желтоқсандағы N 268-ХІІІ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім), 1995 жылғы 30 наурыздағы N 2155 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Заң).

Демек, Конституцияның 62-бабы 8-тармағының мағынасын ескере отырып заң шығарушы келісу рәсімдерін жүргізу кезеңіне, Қазақстан Республикасының ратификацияланбаған халықаралық шарттарына қайшы келген заңдарды осы халықаралық шарттар реттейтін құқықтық қатынастарға қолдануға немесе қолданбауға хақылы.

Бұл ретте нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу кезінде Конституциялық Кеңестің 2001 жылғы 12 сәуірдегі N 1/2 қаулысында көрсетілген, Қазақстан Республикасының халықаралық құқық принциптері мен нормаларын құрметтейтіндігі туралы Конституцияның 8-бабының ережесі, ішкі мемлекеттік құқық құру кезінде оларды ескеруге деген ұмтылысын білдіреді, деп есептейтін Конституциялық Кеңестің құқықтық позициясын басшылыққа алу қажет.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Конституциялық Кеңесінің 17.04.2017 № 2 нормативтік қаулысымен.

Жазылғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын, 31- 33, 37-баптарын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі **қаулы етеді:**

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабының 7) тармақшасы, өтініш нысанына қатысты қолданыста, Республиканың Негізгі Заңы халықаралық шарттың өзі

үшін міндеттілігіне мемлекеттің келісетіндігін білдіру тәсілі ретінде ратификациялауға айрықша маңыз беретінін білдіреді.

2. Халықаралық шарттарды ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының актілері және халықаралық шарттарға қосылу туралы Қазақстан Республикасының актілері өзінің заңдық күші және құқықтық салдары жағынан тең мағыналы болып табылады. Бұл орайда, заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі, Парламенті) қабылдаған және Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлықтарымен қабылданған, Қазақстан үшін міндеттілігі халықаралық шарттарға қосылу туралы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген халықаралық шарттар Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға теңестіріледі.

3. Қазақстан Республикасының ратификацияланбаған халықаралық шарттарының Республика заңдарынан басымдығы болмайды және олар Республика заңдарына қайшы келмейтіндей шамада орындалуға тиіс. Араларында қайшылықтар болған жағдайда шарттар тараптарының 2005 жылғы 30 мамырдағы N 54-III "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Заңға, сондай-ақ халықаралық құқық нормаларына сәйкес оларды келісу рәсімдері және қайшылықтарды еңсеру жөніндегі басқа да шаралар қабылдау арқылы шешуге мүмкіндігі бар.

Заң шығарушы Конституцияның 3-бабының 3-тармағына, 61-бабының 3-тармағына және 62-бабының 8-тармағына сәйкес заң қабылдау арқылы, Қазақстан Республикасының заңдары мен ратификацияланбаған халықаралық шарттарының қолданылуының ара-қатынасын айқындай отырып, Республиканың өзіне алған халықаралық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ететін тәртіп белгілеуге хақылы.

4. Қазақстан Республикасының халықаралық шарты немесе оның жекелеген ережелері белгіленген тәртіппен Республика Конституциясына қайшы деп танылған жағдайда, мұндай шарт немесе оның тиісті ережелері орындауға жатпайды.

5. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабының 4-тармағында көзделген ретті ескере отырып, түпкілікті болып табылады.

6. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің
Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК